




CISC

Civil Initiatives Support Center

Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау тәртібі

**«Азаматтық бастамаларды қолдау
орталығы» КЕАҚ**

Қаржыландыру тетіктерін салыстыру



Гранттық қаржыландырудың артықшылықтары



Азаматтық қоғам институттарының ұсыныстарын ескере отырып, гранттар тақырыбын қалыптастыру



Ұзақтығы үш жылға дейінгі **ауқымды және жүйелі әлеуметтік жобаларды** іске асыру мүмкіндігі



МТҚ-ға және ҮЕҰ-ны институционалдық дамытуға арналған **грант сомасының 5 және 10%-н** пайдалану *(тіісінше 5%-дан аспайтын - ұзақ мерзімді гранттар, 10%-дан аспайтын - қысқа/орта мерзімді гранттар)*



Жергілікті халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуде **әлеуметтік инновациялар** үшін жағдай жасау



Гранттарды бөлудегі ашықтық: жобалық өтінімдерді таңдауды **сыртқы сараптау комиссиясы** жүргізеді



Нарықтық құны бойынша **сапалы қызметтер мен тауарларды сатып алу** мүмкіндігі



Сандық емес, сапалық көрсеткіштер негізінде әлеуметтік жобаларды іріктеу



Білім беру



Ғылым



Спорт



Азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау



Халықты әлеуметтік қорғау



Денсаулық сақтау



Жалпыұлттық бірлік



Мәдениет пен өнер



Қоршаған ортаны қорғау



Азаматтық қоғамды дамыту



Жастар саясаты



Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелер



Мемлекеттік қызметтерге қоғамдық мониторинг



Волонтерлік бастамалар



Тарихи-мәдени мұра



Пробация қызметінде есепте тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету

Гранттық қаржыландыру салалары

Орталықтың гранттарды ұсынуы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Заңның 5-бабына сәйкес **16 бағыт бойынша** жүзеге асырылады

Гранттық қаржыландыру тетігін жетілдіру

Өзгерістер	Дейін	Кейін
<input checked="" type="checkbox"/> Өзекті бағыттар бойынша гранттарды жоспарлаудың жаңа форматы, яғни «төменнен жоғарыға» тәсілі енгізілді	Мемлекеттік органдар грант жоспарына жобалардың тақырыбын айқындайды	ҮЕҰ жобалардың тақырыптарын өздері ұсынады. Бұл ретте мемлекеттік органдар гранттардың басым бағыттарын айқындайды
	Жоспар мемлекеттік орган мен ҮЕҰ ұсыныстарына, мемлекеттік саясаттың басымдықтарына, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға, Президент жолдауларына негізделеді	Мемлекеттік органдар ҮЕҰ мен азаматтардың ұсыныстарына, мемлекеттік саясатқа, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға, Президент жолдауларына негізделген басым бағыттарды айқындайды. Қосымша әлеуметтік зерттеу нәтижелері, халықтың қажеттіліктері, 2 жылдағы грант нәтижелері мен ұсынымдары талданады
	Жоспар ҮЕҰ және азаматтармен талқыланады	Бағыттар Үйлестіру кеңеспен және ҮЕҰ-мен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестермен талқыланады
<input checked="" type="checkbox"/> Орталық мемлекеттік органдарға гранттар беру құзыреті ұсынылды	Мемлекеттік гранттарды беру: уәкілетті органның жоспары бойынша республикалық бюджет қаражатынан және жергілікті бюджет қаражатынан жүзеге асырылады	Мемлекеттік гранттарды беру: орталық мемлекеттік органдардың республикалық бюджет қаражатынан және жергілікті бюджет қаражатынан жүзеге асырылады
<input checked="" type="checkbox"/> Сарапшылар тізілімін қалыптастыру рәсімдері жетілдірілді	Сарапшылар тізілімі ҮЕҰ мен меморгандар ұсынған тұлғалар қатарынан 1 жылға қалыптастырылады	Сарапшылар тізілімі комиссиямен әңгімелесу арқылы алдағы 3 жылға қалыптастырылады. Тізілімге кандидатураны жеке және заңды тұлғалар , оның ішінде өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынады
<input checked="" type="checkbox"/> Гранттардың тиімділігін бағалау тетігі қарастырылған	Гранттардың тиімділігін бағалау тетігі заңнамамен бекітілмеген және Оператор пилоттық режимде жүргізген	Азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен гранттардың тиімділігін бағалау тетігі енгізілді. Бұл жобалардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беріп, кейін гранттарды қалыптастыруға негіз болады

Гранттық қаржыландыру тетігін жетілдіру

Өзгерістер	Дейін	Кейін
<input checked="" type="checkbox"/> Градуирленген гранттар жүйесі енгізілді	Гранттар сомасы мен ұзақтығына қарай бөлу жүзеге асырылмады	Мемлекеттік гранттар қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінеді
<input checked="" type="checkbox"/> YEҰ үшін ұзақ мерзімді гранттарды іске асыру бойынша талаптар күшейтілді	МТҚ-ға гранттар сомасының 10% - на дейін пайдалану мүмкіндігі	Ұзақ мерзімді гранттар үшін МТҚ-ға және институционалдық дамуға 5%-дан аспайтын қаражат пайдалану мүмкіндігі, қалғандарына 10%-ға дейін
	Өтінімдерді пысықтау мүмкіндігі оператордың ішкі құжаттарымен реттелді	Қысқа және орта мерзімді гранттар бойынша өтінімдерді пысықтау мүмкіндігі көзделген
	Гранттарға арналған барлық өтінімдер 5-6 өлшемшарт бойынша бағаланды (жергілікті бюджеттен гранттарға өтінімдер болған жағдайда 6 өлшемшарт бойынша)	Өтінімдерді бағалау өлшемшарты гранттардың түрлері бойынша өзгереді (ұзақ мерзімді гранттар үшін – 9, қысқа мерзімді гранттар үшін – 6, орта мерзімді гранттар үшін - 8)
	Барлық гранттық конкурстар бір кезеңде өтеді	Өтінімдерді таныстыру арқылы ұзақ мерзімді гранттар үшін YEҰ-ға қосымша іріктеу енгізілді
<input checked="" type="checkbox"/> YEҰ-ға қойылатын талаптар жеңілдетілді (қысқа және орта мерзімді гранттар)	YEҰ конкурста сауалнаманы, әлеуеті туралы мәліметтерді, жобаның мазмұнын, сметаны, құрылтай құжаттарының көшірмесін, бухгалтерлік балансты, серіктестердің келісімін, өз салымын растауды ұсынады	YEҰ қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттарын іске асыруға арналған өтінімге құрылтай құжаттарының көшірмесі ғана қоса беріледі
<input checked="" type="checkbox"/> YEҰ-ны институционалды дамыту мүмкіндігі қарастырылған	Грант алған YEҰ материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қаражаттың бір бөлігін пайдалана алады	YEҰ алынған қаражаттың бір бөлігін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, сондай-ақ институционалдық дамуға бөле алады

Градуирленген гранттар жүйесін енгізу



Қысқа мерзімді гранттар

Ұзақтығы

3 айдан 1 жылға дейін

Сомасы 500-ден 3000 АЕК-ке дейін

Кемінде 1 аудандық маңызы бар қала / ауыл / кент / ауылдық округ



Орта мерзімді гранттар

Ұзақтығы

1 жылдан 2 жылға дейін

Сомасы 3000-нан 10000 АЕК-ке дейін

Кемінде 2 облыс / республикалық маңызы бар қалалар / астана



Ұзақ мерзімді гранттар

Ұзақтығы

2 жылдан 3 жылға дейін

10 000 АЕК-тен басталатын сома



Кемінде 10 облыс / республикалық маңызы бар қалалар / астана

Бірнеше компоненттерден немесе қызметтерден тұратын кешен



Гранттық қаржыландыру рәсімін жеңілдетеді, соның ішінде ауылдық азаматтық бастамаларды іске асыру үшін, сонымен бірге тәжірибелі ҮЕҰ бастамаларына тұрақтылық береді

Қысқа және орта мерзімді гранттар

+ Артықшылықтары	 Қысқа және орта мерзімді гранттар	 Ұзақ мерзімді гранттар
Қоса берілетін құжаттардың саны аз	<ol style="list-style-type: none">1. Құрылтай құжаттарының көшірмелері2. Жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (көрсетілген қызмет актілерін және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері)3. Әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері (жобалар шетелдік көздер есебінен және Оператор арқылы іске асырылған жағдайда)	<ol style="list-style-type: none">1. Құрылтай құжаттарының көшірмелері2. Бухгалтерлік баланс3. Серіктестердің тізбесі және келісімі4. Өтініш берушінің жеке салымы болған кезде растайтын құжаттар5. Материалдық-техникалық базаны растайтын құжаттар6. Жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері)7. Әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері (жобалар шетелдік көздер есебінен және Оператор арқылы іске асырылған жағдайда)
Өтінімнің техникалық сәйкессіздігін жою мүмкіндігі бар	<ul style="list-style-type: none">• Оператордың өтінімді тексеруі және сәйкессіздіктерді жою қажеттілігі туралы хабарлама• Түзетілген құжаттарды пысықтау және беру - 2 жұмыс күні	Өтінімді пысықтау құқығы жоқ
Комиссия алдында жобаларды қорғау талап етілмейді	2 - кезең жоқ	<ul style="list-style-type: none">• 50% балл жинаған өтінімдер екінші кезеңге өтеді• Презентация кестесін жіберу - отырысқа дейін 3 жұмыс күні• Комиссия алдында өтінімдерді онлайн/офлайн қорғау
Сарапшылардың бағалауы үшін өлшемшарттар аз	6 - қысқа мерзімді гранттар үшін 8 - орта мерзімді гранттар үшін	9 – ұзақ мерзімді гранттар үшін

Гранттық қаржыландыру кезеңдері



1. Басым бағыттарды қалыптастыру

ЖАО басым бағыттардың тізбесін талдауды, YEҰ ұсыныстарын және YEҰ-мен өзара әрекеттесу жөніндегі кеңестердің ұсынымдарын ескере отырып дайындайды.

Қорытындысы бойынша:
- > гранттардың басым бағыттарының тізбесі бекітіледі (Қағидалардың* 2-тарауы)



2. Конкурстық рәсімдерді өткізу

Оператор тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, YEҰ өтінімдеріне конкурстық іріктеуді жүргізеді.

Қорытындысы бойынша:
- > мемлекеттік гранттардың YEҰ-жеңімпаздары жарияланады (Қағидалардың* 3-параграфы)



3. Жобаларды іске асыру мониторингі және есептерді қабылдау

YEҰ жобаларды іске асырады және мониторинг жасау үшін операторға аралық және қорытынды есептерді тапсырады.

Қорытындысы бойынша:
- > оператор гранттарды іске асыру туралы ЖАО-ға есеп дайындайды (Қағидалардың* 4-тарауы)



4. Жобалардың тиімділігін бағалау

ЖАО қалыптастырған комиссиялар гранттық жобалардың тиімділігін бағалайды.

Қорытындысы бойынша:
- > жобалардың тиімділігі туралы есеп мемлекеттік органның сайтында жарияланады (Қағидалардың* 5-тарауы)

1-кезең. Басым бағыттарды қалыптастыру

1 Ұсыныстарды жинау және талдау, гранттардың басым бағыттарының тізбесін қалыптастыру



- Мемлекеттік органдар жыл сайын ҰЕҰ мен азаматтардан гранттардың басым бағыттары бойынша ұсыныстар жинайды
- Мемлекеттік органдар ұсыныстарды жыл сайын мемлекеттік саясатқа, әлеуметтік зерттеулерге, өткен гранттардың 2 жылдағы ұсынымдарының сәйкестігіне талдайды

2 ҰЕҰ жөніндегі кеңестердің қарауына гранттардың басым бағыттарын енгізу



1 тамызға дейін ЖАО гранттардың басым бағыттарының тізбесін ҰЕҰ-мен өзара әрекеттесу және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің қарауына шығарады

3 Бюджеттік өтінімге енгізу және қарау



- Мемлекеттік органдар кеңестердің ұсынымдарын ескере отырып, мемлекеттік гранттардың (*градуирленген гранттардың*) түрлері бойынша бөлінген гранттардың басым бағыттарының тізбесін қалыптастырады
- Мемлекеттік органдар бюджеттік заңнамада көзделген тәртіппен өздерінің бюджеттік өтінімдеріне гранттардың басым бағыттарын қосады

4 Мемлекеттік орган гранттарының басым бағыттарының тізбесін бекіту



Мемлекеттік органдар Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиісті бюджет бекітілген күннен бастап **20 жұмыс күні** ішінде мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесін бекітеді

Басым бағыттардың тізбесі:

- Гранттық қаржыландыру саласы
- Проблемалардың сипаттамасы, олардың шешілуі үшін әлеуметтік жобалар бағытталады
- Гранттардың түрлері бойынша қаржыландыру көлемі;
- Нысаналы индикаторлар
- Ұзақ мерзімді гранттар үшін - ҰЕҰ-ның материалдық-техникалық базасына қойылатын талап

Гранттарды халықтың нысаналы топтарының қажеттіліктеріне бағдарлауға және жұртшылықтың қатысуын қамтамасыз етуге **мүмкіндік береді**



2-кезең. Конкурстық рәсімдерді өткізу

1 Конкурстың басталғаны туралы хабарландыруды Орталықтың cisc.kz ресми сайтында жариялау (тізбені интернет-ресурста орналастыру туралы мемлекеттік органдардың хабарламаларын алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде)



- өтінімдерді қабылдау аяқталатын күн және уақыт
- қажетті құжаттар тізімі
- гранттардың бекітілген басым бағыттары жарияланған сайтқа сілтеме

2 Өтінімді толтыру мәселелері бойынша **консультация өткізу** (онлайн және офлайн кеңес беру)



3 Почта байланысы/қолма-қол/веб-портал арқылы қағаз немесе электрондық жеткізгіштерде **өтінімдерді жинау**



4 Өтінімдердің Қағидалар талаптарына және бағыттар тізбесіне **сәйкестігін тексеру**



Қажет болған жағдайда өтінімдер қорытындылаудың нәтижелері бойынша **пысықтауға** жіберіледі (тек қысқа/орта мерзімді гранттар)

5 Бағыттар бойынша **конкурстық комиссия** жіберілген өтінімдерді бағалайды және **жеңімпаз-грант алушыны айқындайды*** (ұзақ мерзімді гранттар үшін - 2 кезеңде)



6 Конкурс нәтижелері туралы үкіметтік емес ұйымдарды **хабардар ету, Орталық пен жеңімпаз-грант алушы арасында шарт жасасу****



Конкурс өтпеді деп танылады, егер:

- 1) конкурсқа қатысуға ұсынылған **өтінімдер болмаса**;
- 2) өтінімдердің бірде-біреуі **конкурсқа қатысуға жіберілмеген** жағдайда;
- 3) конкурс қорытындысы бойынша **жеңімпаздар жоқ болғанда**.

• ** Әлеуетті **грант алушының күнәсінен шарт жасалмаса, грант жоғары балға ие болған** келесі YEҰ-ға беріледі.

Гранттар бойынша өтінім

Өтініш беруші

- БСН
- мақсатты топтар
- қызмет түрлері
- негізгі іске асырылған жобалар (растайтын құжаттармен) және т. б.

Жоба командасы

- ТАӨ
- тәжірибе
- әлеуметтік желілер
- жоба жетекшісі және оның тәжірибесі* және т. б.

Жоба туралы

- басым бағыт
- жобаның атауы
- мәселе және мақсат
- іске асыру механизмі
- жоба туралы презентация*
- аумағы, нәтижелері
- серіктестер және т. б.

Күнтізбелік жоспар

- шешілетін міндет
- іс-шара
- мерзімдер
- күтілетін нәтижелер және т. б.

Шығындар сметасы

- шығыстардың баптары
- сомалар
- қаржыландыру көздері
- негіздеме

* ұзақ мерзімді гранттар үшін



Өтінімдерді толтыру бойынша ҮЕҰ үшін ұсынымдар

- ✓ ҮЕҰ дерекқорында тіркелу керек (infonpo.gov.kz)
- ✓ Қолданбаларда тым кішкентай немесе оқылмайтын қаріптерге жол бермеу қажет
- ✓ Өтінімге қол қоюға өкілеттігін растайтын құжат өтініш берушінің атынан бірінші қол қою құқығымен дайындалу керек
- ✓ Өтінім беру мерзімдері сақталу керек

7-қосымшадағы (қысқа және орта мерзімді гранттар) және **9-қосымшадағы** (ұзақ мерзімді гранттар) өтінім нысаны Гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына сәйкес толтырылады
(QR коды бойынша сілтеме)



«Қағидалар»

Өтінімдерге қойылатын техникалық талаптар

ҮЕҰ

- ✓ ҮЕҰ Дерекқорында өтініш беруші туралы мәліметтердің болуы

Өтінімдер

- ✓ өтінімнің Қағидалар талаптарына сәйкестігі
- ✓ өтінімнің мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының бекітілген тізбесіне сәйкестігі
- ✓ өтініш берушінің жарғылық мақсатының гранттардың басым бағытына сәйкестігі

Заңды тұлға

- ✓ өтініш беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болмауға тиіс
- ✓ өтініш беруші таратылу процесінде болмауы керек
- ✓ өтініш беруші банкрот деп танылмауы керек
- ✓ өтініш берушінің атқарушылық іс жүргізу бойынша берешегі болмауы тиіс
- ✓ өтініш берушінің мүлкіне тыйым салынбауы керек
- ✓ экономикалық қызмет тоқтатылмауы керек

Басшылар мен құрылтайшылар

- ✓ мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті тұлғаларымен (жұбайлары, жақын туыстары, жекжаттары) байланысты болмауы тиіс
- ✓ террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізімінде, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты адамдардың тізбесінде және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты адамдардың тізбесінде болмауы тиіс



Оператор сәйкес келмейтін өтінім берушілер мен өтінімдерге конкурсқа қатысудан бас тартады



Сарапшылар тізілімі – ҰЕҰ гранттық қаржыландыру саласындағы оператор қалыптастыратын гранттар беру бағыттары бойынша білікті сарапшылардың тізімі



Сараптама комиссиясы сарапшылардың тізілімінен кездейсоқ әдіспен қалыптастырылады – комиссияға кемінде 5 сарапшы кіреді



Сарапшылар тізілімі ҚР жеке және заңды тұлғаларының ұсыныстары негізінде 3 жылға қалыптастырылады (*республикалық бюджет және жергілікті бюджет қаражаты есебінен гранттық жобаларға өтінімдерді бағалау бойынша*)



Сараптама комиссиясы оператор мен сараптама комиссиясының мүшелері арасындағы шарт бойынша 1 конкурс ішінде әрекет етеді



Кандидаттарды Тізілімге енгізу 2 кезеңде жүргізіледі:

- 1) талаптарға сәйкестігін тексеру
- 2) жұмыс тобымен әңгімелесу



Оператордың қызметкерлері конкурстық комиссияның мүшелері бола алмайды

Сараптама комиссиясының құқықтары мен міндеттері



Сараптама комиссиясының төрағасы:

- сараптама комиссия отырысына жалпы басшылықты жүзеге асырады
- сараптама комиссиясының отырысы барысында тәртіп пен этикалық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді
- отырыстың хаттамасын өз қолымен куәландырады
- сараптама комиссиясының шешімі бойынша түсіндіреді және түсініктемелер береді



Сараптама комиссиясының хатшысы:

- сарапшылар тізілімін жүргізеді
- өтініш берушілердің құжаттарын қалыптастырады және сараптама комиссиясының мүшелеріне жібереді
- сараптама комиссиясының мүшелерін комиссия отырысының өткізілетін уақыты, күні және орны туралы ол өткізілгенге дейін 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде хабардар етеді
- сараптама комиссиясының отырысын ұйымдастырады
- сараптама комиссиясының хаттамасын жүргізеді



Сараптама комиссиясының мүшесі:

- сараптама комиссиясының отырыстарына жеке өзі қатысады
- құжаттарды қарайды және оларды Қағидалардың 41 және 48-тармақтарының талаптарына сәйкес бағалайды
- сараптамалық бағалаудың жазбаша негіздемелерін ұсынады
- өтінімдер мен өтініш берушілер туралы ақпаратты құпия сақтайды
- сараптама комиссиясының отырысына дейін қажетті құжаттаманы, оның ішінде тәуелсіз сараптама жүргізу үшін оператордан өтінімдер мен бағалау парақтарының нысандарын алады
- өз қызметін жүзеге асыру үшін барлық қажетті құжаттама мен мәліметтерді сұратады
- Қағидалардың және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтайды

Сарапшылардың өтінімдерді бағалау өлшемшарттары*



1. Жобаның өзектілігі мен әлеуметтік маңызы

- мәселелер егжей-тегжейлі ашылған, шешімдер дәлелденген және сандық және сапалық көрсеткіштермен расталған
- игілік алушылар мен серіктестер мәселенің өзектілігін растайды
- жобаның іс-шаралары гранттың басым бағытына сәйкес келеді



2. Инновация, жобаның бірегейлігі

- жоба мәселені шешуге бағытталған жаңа немесе айтарлықтай жақсартылған тәжірибелерді, әдістерді енгізуге бағытталған
- ұйымның сипатталған инновацияларды сәтті енгізуі үшін ресурстары мен тәжірибесі болу



3. Жобаның логикалық байланысы және іске асырылуы

- өтінімнің бөлімдері өзара байланысты, әр бөлімде қажетті ақпарат бар
- күнтізбелік жоспар жақсы құрылымдалған және егжей-тегжейлі сипатталған
- іс-шаралар күтілетін нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді
- жобаның міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін нақты және ақылға қонымды мерзімдер көрсетілген



4. Сметаның шынайылығы және шығындардың негізділігі

- сметада жобаның барлық іс-шараларын қаржылық қамтамасыз ету көзделген және жоба іс-шараларымен тікелей байланысты емес шығындар жоқ
- барлық жоспарланған шығындар нақты және негізделген
- жобада ұйымның ресурстарын пайдалану қарастырылған



5. Өтінім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы

- өтініш берушінің гранттың басым бағытына сәйкес қызмет көрсету тәжірибесі бар және құжаттармен расталған.



6. Өтініш берушінің ақпараттық ашықтығы

- қызмет туралы ақпарат Интернетте бар;
- ұйымның қызметі БАҚ-та жарияланады;
- ұйымның жылдық есептері, оның жобалары және т. б. бар жаңартылатын сайты бар;
- ұйым әлеуметтік желілерде өзі туралы және өзінің жобалары туралы жазады.



Орта мерзімді және ұзақ мерзімді гранттарды орындаушыларға қойылатын **кеңейтілген талаптар** ұзақ мерзімді әлеуметтік жобалардың тиімділігі мен тұрақтылығын арттырады



7. Жобаны іске асыру ауқымы

(тек орта және ұзақ мерзімділер үшін)

- жобаның аумақтық қамтылуы ақталған және шешілетін мәселелерге сәйкес келеді
- жобаның аумақтық қамтылуы өтініш берушінің нақты мүмкіндіктеріне сәйкес келеді



8. Жобалық топтың тәжірибесі мен құзыреттерінің жоспарланған қызметке сәйкестігі

(тек орта және ұзақ мерзімділер үшін)

- жоба қажетті бейіндер бойынша тәжірибелі, білікті және оң беделге ие мамандармен қамтамасыз етілген
- өтінімде команданың өтінімінде көрсетілген әрбір мүшенің жобада сапалы жұмыс істеу мүмкіндігі дәлелденген



9. Ұйымның өз үлесі

(тек ұзақ мерзімділер үшін)

- меншікті салым мен қосымша ресурстардың деңгейі жоба шығындарының кемінде 30% құрайды.

3-кезең. Гранттық жобалардың мониторингі

1 Мемлекеттік гранттарды іске асыру мониторингін оператор әлеуметтік жобалардың іске асырылу барысы туралы ақпаратты және оларды іске асыру туралы есептерді жинау, өңдеу және талдау арқылы жүзеге асырады. **Қысқа мерзімді гранттар үшін** мониторинг 1 реттен артық емес, **орта және ұзақ мерзімді гранттар үшін** - тоқсан сайын жүргізіледі.



2 Мониторинг мыналарды қамтиды:

- іске асырылып жатқан жобаның сапалық және сандық көрсеткіштеріне қол жеткізу;
- гранттық қаражатты мақсатты пайдалану;
- есептерде және өзге де құжаттарда көрсетілген деректердің дұрыстығы мен толықтығы.



3 Әлеуметтік жобаларға мониторингті толық және сапалы жүргізу үшін оператор мынадай **құралдарды** пайдаланады:

- индикаторлар мен күтілетін нәтижелерді талдау;
- «жасырын сатып алушы» әдісі;
- сауалнама жүргізу.



4 Оператор бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалану фактісі анықталған, қаржылық және бухгалтерлік есептілік бойынша құжаттар толық көлемде ұсынылмаған, индикаторларға, күтілетін нәтижелерге толық көлемде қол жеткізілмеген, қызметтерді орындау мерзімдері бұзылған, операторға дұрыс емес ақпарат берілген, шарт талаптары жүйелі түрде бұзылған және басқа да жағдайларда **грант алушының орналасқан жері немесе жобаны іске асыру орны бойынша шығуды** жүзеге асыра алады.



5 Гранттық жобалардың қорытындысы бойынша грант алушылар операторға *(1 желтоқсаннан кешіктірмей)* есеп береді және оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады. Оператор грант алушылар есептерінің қорытындылары бойынша мемлекеттік гранттардың іске асырылуы туралы есепті қалыптастырады және уәкілетті органға, ОМО мен ЖАО-ға *(15 желтоқсаннан кешіктірмей)* жібереді.



4-кезең. Жобалардың тиімділігін бағалау

1 Мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалау – жобаларды іске асыру барысында алынған нәтижелерді, олардың қойылған мақсаттар мен күтілетін нәтижелерге сәйкестігін талдау процесі. Бағалау - іске асырылған гранттардың әлеуметтік әсерін анықтауға мүмкіндік береді.



2 Қысқа мерзімді гранттарды бағалау жоба аяқталғаннан кейін 2 ай ішінде жүзеге асырылады.

Орта мерзімдіге 2 рет: аралық (1 жылдың қорытындысы бойынша) және қорытынды (жоба аяқталғаннан кейін 2 ай ішінде).

Ұзақ мерзімдіге 3 рет: бірінші аралық (1 жылдың қорытындысы бойынша), екінші аралық (2 жылдың қорытындысы бойынша) және қорытынды (жоба аяқталғаннан кейін 2 ай ішінде).



3 Бағалауды мемлекеттік органдар **комиссия құру арқылы** жүзеге асырады (мемлекеттік орган, азаматтық қоғам өкілдері қатарынан, оператор сарапшыларының Тізілімінен сарапшылар, ҰЕҰ өкілдері, қоғамдық кеңестер мүшелері, ҰЕҰ-мен өзара әрекеттесу жөніндегі консультативтік-кеңесші органдар қатарынан). Комиссия **кемінде 5 мүшеден** тұрады.



4 Бағалау келесі **кезеңдер** бойынша жүргізіледі:

- 1) мемлекеттік органдарға тапсырма қалыптастыру
- 2) тиімділікті бағалау жоспарын әзірлеу
- 3) деректерді жинау (сауалнама, сұхбат, бақылау, құжаттаманы зерделеу)
- 4) деректерді талдау
- 5) есепті дайындау



5 Тиімділікті бағалау келесі **критерийлер** бойынша жүргізіледі:

- релеванттылық
- нәтижелілік
- тиімділік
- әлеуметтік әсер
- орнықтылық



6 **Бағалау нәтижелерін** мемлекеттік орган өзінің ресми интернет-ресурсында жариялағаннан кейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей операторға **жібереді**.



Нәтижелерді мемлекеттік органдар келесі жылға арналған гранттардың басым бағыттарын қалыптастыру кезінде және оператор мемлекеттік грант алуға ҰЕҰ үшін конкурс өткізу кезінде **ескереді**.

Назарларыңызға рахмет!



CISC
Civil Initiatives Support Center



info@cisc.kz



+7 7172 79 08 24



www.cisc.kz



www.facebook.com/cisc.kz



www.instagram.com/cisc_official



t.me/ciscrq